

## Екпінді ауылындағы көше атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Екпінді ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі N 04 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 26 мамырда N 2-5-86 тіркелді

**Р Қ А О** е с к е р т п е с і .

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес, Алакөл аудандық қоғамдық ономастика комиссиясының келісімі негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Екпінді ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Екпінді ауылындағы "Екпінді" көшесі Қапсаламов Шынғожа, "Бірлестік" көшесі Мейрманов Садық, "Комсомол" көшесі Бітімбекова Шәмшіқамар көшесі атауларына **ө з г е р т і л с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасау және іс жүзіне асыру жұмыстарын жүргізу Екпінді ауылдық округінің бас маманы Сүлейменов Бақытбек Белгібекұлына **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі:*

*Б. Әзімжанов*